

Жамбыл ауылдық округі, Плодовоягодное ауылындағы 23-Партсъезд көшесінің атын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Меркі ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 3 қаңтардағы № 01 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 18 қаңтарда № 3687 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 24 қарашадағы қорытындысы негізінде және Жамбыл ауылдық округі тұрғындарының пікірін ескере отырып, ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жамбыл ауылдық округі, Плодовоягодное ауылындағы 23-Партсъезд көшесі Шапағат деп өзгертілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жамбыл ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман заңгері М.Қуанышбайқызына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа еңгізіледі.

*Жамбыл ауылдық
округінің әкімі*

Е. Байболсынов